

"Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасының Б қосымшасына түзетулер қабылдау туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 тамыздағы № 916 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасының Б қосымшасына түзетулер қабылдау туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасының Б қосымшасына түзетулер қабылдау туралы

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңының 15-бабының 1) тармақшасына с ә й к е с **Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :**

1. 2006 жылғы 17 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы Тараптары Конференциясының екінші сессиясында қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасының Б қосымшасына түзетулер қабылдансын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев

FCCC/CR/CMR/2006/10/Add.1

page 55

10/CMR.2 ШЕШІМ Киото хаттамасының Б қосымшасына түзетулер енгізу туралы Беларусь ұсынысы

Киото хаттамасы Тараптарының кеңесі ретінде жұмыс істейтін Тараптар к о н ф е р е н ц и я с ы .

Киото хаттамасының Б қосымшасына түзету енгізу және өзіне шығарындыларды

қысқарту бойынша сандық міндеттерін алу бойынша Беларусь Республикасының ұсынысын назарға ала отырып,
Киото хаттамасының 3, 20, және 21-баптарына сілтеме жасай отырып,
өзінің 32/СМР.1 шешімінде сілтеме жасай отырып,
FCCC/KP/СМР/2006/2 құжатындағы Беларусь Республикасының ұсынысын назарға ала отырып;

Беларусь Республикасының күш-жігерін және оның парниктік газдардың шығарындыларын қысқарту ісінде ол қол жеткізген процесін және Киото хаттамасының ережелерін сақтауын қолдай отырып,

Киото хаттамасы 21-бабының 7-тармағына сәйкес Киото хаттамасының Б қосымшасына FCCC/KP/СМР/2006/2 құжатындағы түзетуді қабылдауға Беларусь Республикасының жазбаша келісім бергенін атап өте отырып,

1. Киото хаттамасының Б қосымшасына осы шешімнің қосымшасындағы түзетуді қабылдайды,

2. Киото хаттамасы 3-бабының 4-тармағына және 16/СМР.1 шешімге сәйкес орман шаруашылығын ұтымды басқару нәтижесінде қайнаркөзден парниктік газдардың антропогендік шығарындыларын және сіңіргіштердің олардың абсорбциясы міндеттемелердің қолданылуының бірінші кезеңі ішінде есепке алмау бойынша Беларусь Республикасының шешімін қолдайды;

3. Беларусь Республикасының тиісті органдарынан келісім алу шартымен парниктік газдар шығарындыларына қарсы күрес жөніндегі одан кейінгі шараларды қабылдау мақсатында Киото хаттамасының 17-бабына сәйкес сатудан алынған кез келген кірісті Беларусь Республикасы пайдаланады деген фактіні қолдайды;

4. Беларусь Республикасы міндеттемелердің қолданылуының бірінші кезеңі ішінде өзінің ұлттық тізілімінде міндеттемелердің қолданылуының осы кезеңіне 11/СМР.1 шешімге қосымшаның 6-тармағына сәйкес есептелген резервке қосымша ретінде оның белгіленген мөлшерінің жеті пайызы мөлшерінде Киото хаттамасының 3-бабының 7 және 8-тармақтарына сәйкес есептелген резервті сақтайды деп қаулы етеді;

5. Киото хаттамасының Тараптарын осы шешімнің қосымшасындағы түзетуді ратификациялауға, қабылдауға немесе мақұлдауға шақырады.

FCCC/KP/СМР/2006/10/Add.1

page 57

ҚОСЫМША Киото хаттамасының Б қосымшасына түзету

«Австрия» және «Бельгия» деген жолдардың арасына мынадай мәтін енгізілсін:

«Беларусь*» 92

2006 жылғы 17 қарашадағы

10-шы пленарлық отырыс

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК